



БЕКІТЕМІН

№47 «Нұр – Ай» балабақшасы

С.А. Сатыбалдиева **Т.А.Сатыбалдиева**

Тақырыбы: Тренинг: «Кел, танысайық!»

(Кеңес пункті ата – аналарымен жұмыс)

Қыркүйек айы

Өткізген: психолог А.Қ.Өтесінова

Ақтөбе қаласы 2025-2026 оқу жылы

Тренинг: «Кел, танысайық!»

Өткізген: педагог-психолог

Қатысушылар: Кеңес беру пунктінің ата-аналары

Мақсаты: ата-аналармен жылы қарым-қатынас орнату, бір-бірімен танысу, сенімді атмосфера қалыптастыру.

1. Кіріспе сөз

Құрметті ата-аналар! Бүгін біз Кеңес беру пункті жұмысының алғашқы таныстыру кездесуін өткізіп отырмыз. “Кел, танысайық!” атты тренингтің мақсаты — бір-бірімізді жақынырақ танып, бала тәрбиесіндегі ортақ бағытты анықтау және ата-аналар мен мамандар арасында сенімді байланыс орнату.

2. Жылы лебіз. “Шеңбер бойымен танысу”

- Әр ата-ана өз есімін айтып, бала туралы қысқаша таныстырады.
- Қосымша сұрақ:

“Балаңыздың бойындағы қандай қасиетті ерекше бағалайсыз?”

Бұл жаттығу ата-аналар арасында жылы атмосфера орнатады.

3. Жаттығу: “Ортақ құндылықтар”

Ата-аналарға түрлі сөздер жазылған қағаздар ұсынылады: қамқорлық, сыйластық, сабыр, шыдамдылық, мейірім, жауапкершілік, қауіпсіздік. Әр ата-ана өзіне жақын құндылықты таңдап, неге таңдағанын қысқаша түсіндіреді.

4. Топтық жұмыс: “Біз қандай ата-анамыз?”

Ата-аналар шағын топтарға бөлініп, флипчартқа өз ойларын жазады:

- Баладан не күтеміз?
- Біз қандай ата-ана болғымыз келеді?
- Кеңес беру пунктінен қандай қолдау күтеміз?

Соңында әр топ өз жұмысын қорғап шығады.

5. Рефлексия. “Екі жұлдыз, бір тілек”

Ата-аналар бүгінгі тренингтен алған:

- Екі жақсы әсерін
- Бір тілегін

жазады немесе ауызша айтады.

6. Қорытынды

Құрметті ата-аналар, сіздермен алғашқы танысу тренингі өте жылы атмосферада өтті. Алдағы уақытта біз бала дамуы, психологиялық кеңес, ата-аналық құзыреттілік бағыттарында жұмысымызды жалғастырамыз. Белсенді қатысуларыңыз үшін алғыс айтамын!

